

**"Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың
телнұсқаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызметі**

1	Қызмет көрсетушінің атауы	Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Алтай ауданы бойынша білім бөлімінің «Алтай қаласының мектеп-лицейі» КММ
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері (қолжетімділік арналары)	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы " коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);3) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал).
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті берушіге немесе мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды тапсырған сәттен бастап - 15 жұмыс күні; 2) Құжаттар топтамасын тапсыру үшін кезекте күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут; 3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут.
4	Қызмет көрсету нысаны	Электронды, қағаз
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	негізгі орта білім туралы аттестаттың телнұсқасын, жалпы орта білім туралы аттестаттың телнұсқасын беру.

6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін. Өтінішті қабылдау және нәтижелерді беру сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

8

Құжаттар
тізімі

көрсетілетін қызметті берушіге:

- 1) құжатты жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушының осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім беру ұйымы басшысының атына өтініші, онда құжатты жоғалту мән-жайлары немесе басқа да себептер баяндалады;
- 2) кәмелетке толмаған баланың ата-анасының (заңды өкілінің) жеке басын куәландыратын құжаты немесе көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаты (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) бар туу туралы куәліктің (2008 жылға дейін туған жағдайда) көшірмесі;

9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9 тармағына сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады: 1414, 8 800 080 7777.Сандық құжаттар қызметі мобильді қосымшада авторизацияланған пайдаланушылар үшін қол жетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторизациядан өту, бұдан әрі «Цифрлық құжаттар" бөліміне өту және қажетті құжатты таңдау қажет.

"Негізгі орта, жалпы орта білім беру
туралы құжаттардың телнұсқаларын
беру«
мемлекеттік кәрсетілетін қызмет
стандартына 1-қосымша

(оқу орнының атауы)

(толық Т.А.Ә. (болған жағдайда) және ЖСН)

(бітірген жылы)

(Өзгерген жағдайда оқу орнының
атауы және мекенжайы)

Өтініш

_____ (себебін көрсету)

аттестаттың (немесе куәліктің) телнұсқасын беруіңізді сұраймын.
(керек құжаттың атауының көрсету қажет)
Ақпараттық жүйелерде орналасқан заңмен қорғалатын құпиялардан
тұратын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

_____ 20__ ж. " _____

"Негізгі орта, жалпы орта
білім беру туралы құжаттардың
телнұсқаларын беру" мемлекеттік
кәрсетілетін қызмет стандартына

2-қосымша

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған
жағдайда) (бұдан әрі - Т.А.Ә.)
немесе кәрсетілетін қызметті
алушы ұйымының атауы)

(кәрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)
Нысан

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 20 бабының 2 тармақшасын басшылыққа ала отырып, "Алтай қаласының мектеп-лицейі« КММ (Алтай қ., Спортивная к-сі, 84) Сіз мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбағаныңызға байланысты мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Тапсырылмаған құжаттардың атауы:

1. _____;
2. _____.
- 3) ...

Осы қолхат бір-бірден әр тарапқа 2 данада жасалды

Жұмыскердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

(қолы)

Орындаушының Т.А.Ә. . _____

Телефон _____

Алдым: қызметті алушының Т.А.Ә. / қолы

" ____ " _____ 20__ жыл.